

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 150а қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 147-қосымшада :

6 - тармақтың кестесінде :

5 - бағанда :

"Балқаш биоресурстарды қорғау жөніндегі аймақтық мекемесі үшін" деген сөздер "Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Су көлігінің 10-12 бірлігін" деген сөздер "су көлігінің 5-6 бірлігін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Аспалы моторлар-12 бірлігін" деген сөздер "аспалы моторлардың-6 бірлігін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы үшін мыналарды сатып алу:

су көлігінің - 5-6 бірлігін;

аспалы моторлардың - 6 бірлігін";

"Биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесі" деген сөздер "Орал-Каспий облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық, аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 186-қосымшада:

6 - тармақтың кестесінде :

5-бағандағы "Биоресурстарды қорғау жөніндегі Балқаш аймақтық мекемесін 175 адам штат санымен және Биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесін ұстау" деген сөздер "Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқарманы 98 адам штат санымен, Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқарманы 77 адам штат санымен және Орал-Каспий облысаралық балық ресурстарын

қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқарманы ұстау" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ